

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-309-321>

ХҒТАР 17-81-99
Ғылыми мақала

Д.Ж. Ахмадиева^{1*}, Қ.М. Байтанасова^{2*}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹ahmadiyeva-dana@mail.ru, ²k.baitanasova@mail.ru)

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі білім беру жүйесінің қарқынды даму жағдайында әдебиет пәнінің оқушылардың рухани-адамгершілік дүниесін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. ХХІ ғасырдағы педагогикалық парадигманың өзгеруі білім беру мазмұнына тұлғаның құндылықтық бағдарларын, дүниетанымдық көзқарасын және рухани дамуын енгізуді талап етеді. Осы тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің жас ұрпақтың ұлттық мәдениеті мен рухани құндылықтарын меңгеруінде, тілдік құзыреттілігі мен эстетикалық талғамын қалыптастыруында ерекше маңызға ие екендігі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Әдебиет пәні оқушының көркем ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытып, оның тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін тәрбиелік әрі танымдық құрал ретінде сипатталады. Сонымен қатар мақалада мұғалім тұлғасының оқушының дүниетанымын қалыптастырудағы жетекші рөлі айқындалады. Осы тұрғыда қазақ педагогикасының көрнекті өкілі, жаңашыл ұстаз әрі әдіскер Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева еңбектерінің ғылыми-әдістемелік маңызы талданады. Әдіскер-ұстаздың қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіру бағытындағы педагогикалық тәжірибесі мен ғылыми ізденістерінің ұлттық білім беру жүйесін дамытудағы орны көрсетіледі. Жаңашыл ұстаздың қазақ әдебиетін оқытудағы инновациялық технологиясы, «Ой тастау, ойланту, ойлау» пәлсапасы негізінде оқытуға бағытталған әдістемелік ұстанымдарының қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне енгізген жаңалығы дәлелденеді. Зерттеу нәтижесінде Қ. Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, ұлттық рухани құндылықтарды меңгертуге және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға тиімді ықпал ететіндігі анықталады.

Түйін сөздер: әдебиет, мұғалім, оқушы, сабақ, оқыту әдістемесі, инновациялық технология.

Түсті: 28.03.2026; **Жөнделді:** 27.05.2026; **Мақұлданды:** 18.06.2026; **Онлайн қолжетімді:** 30.06.2026

Кіріспе

Еліміздің білім беру жүйесі соңғы жылдары қарқынды жаңғыру үдерісін бастан өткеріп, әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу деңгейіне көтерілді. XXI ғасырда педагогикалық парадигманың мазмұндық және әдіснамалық негіздері түбегейлі өзгеріске ұшырап, білім беру мазмұнының өзегіне тұлғаның рухани әлемі мен құндылық бағдарлары енгізілді. Осыған сәйкес қазіргі педагогикалық парадигма білім беруді тек ақпарат жеткізу немесе білімді трансляциялау үдерісі ретінде ғана емес, тұлғаның рухани-адамгершілік болмысын қалыптастыруға, оның дүниетанымдық және құндылықтық жүйесін дамытуға бағытталған кешенді әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде қарастырады.

Жаһандану үдерісі күшейген қазіргі кезеңде озық білім мен инновациялық технологияларды меңгерген мемлекеттер ғана халықаралық бәсекелестікке төтеп бере алады. Осыған байланысты қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі – жоғары білімді, саналы, адал әрі кәсіби құзыретті ұрпақ қалыптастыру болып табылады. Мұндай ұрпақ – елдің Тәуелсіздігі мен тұрақты дамуының негізгі кепілі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде: «Қазіргі кезең – білім мен ғылым қарқынды дамыған уақыт. Жаһандану жағдайында сапалы білімді меңгеріп, заманауи технологияларды тиімді қолдана алған мемлекет қана бәсекеге қабілетті бола алады. Бүгінгі күні білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеу – ел болашағының кепілі. Сондықтан білім мен ғылым саласын дамыту және қолдау мемлекеттік саясаттың маңызды әрі басым бағыттарының бірі екенін» атап көрсетті (Тоқаев, 2025).

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі білім беру саясатының стратегиялық мақсаты – білім мен ғылымның өзара ықпалдастығын күшейту арқылы интеллектуалды әлеуеті жоғары ұлт қалыптастыру. Сонымен қатар білім беру жүйесі тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға, оның әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталуы тиіс. Демек, қазіргі білім беру үдерісі қоғам сұранысына сай, бәсекеге қабілетті әрі құндылықтық бағдарлары берік тұлғаны тәрбиелеуге негізделген кешенді жүйе ретінде қарастырылады.

«Мектеп – білімнің қайнар көзі, ізгіліктің ортасы, тәрбиенің бастауы» деген қағидаға сүйенсек, жан-жақты дамыған, қоғамдық ортаға бейім, зерделі әрі рухани бай кемел тұлғаны қалыптастыруда мектептегі әрбір пәннің атқаратын рөлі ерекше. Білім беру үдерісінде оқушының танымдық қабілетін дамыту, оның дүниетанымын кеңейту, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру сияқты міндеттер барлық пәндердің мазмұны мен әдістемелік жүйесі арқылы жүзеге асады.

Осы мақсат-міндеттерді тиімді іске асыру үшін педагог қауымынан үздіксіз кәсіби ізденіс, жаңашылдыққа ұмтылыс және заманауи білім беру технологияларын оқу үдерісіне енгізу талап етіледі. Мұғалімдердің инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануы білім сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және олардың заманауи қоғам талаптарына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыда оқушылардың тұлғалық болмысын, рухани-адамгершілік дүниесін қалыптастыруда, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің маңызы айрықша. Аталған пәндер арқылы ұлттық мәдениет пен

рухани құндылықтар жүйесі танытылып, оқушының тілдік құзыреттілігі, эстетикалық талғамы мен шығармашылық ойлау қабілеті қалыптасады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау, жүйелеу және салыстырмалы талдау әдістері кеңінен қолданылды. Сондай-ақ, әдістемелік еңбектерді теориялық тұрғыдан сараптау, педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, жүйелеу және ғылыми тұрғыдан қорыту әдістері пайдаланылды. Аталған әдістер арқылы Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологияларының мазмұны, әдістемелік ерекшеліктері және олардың қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызы ғылыми тұрғыдан айқындалды.

Әдебиетке шолу

Зерттеу жұмысының негізгі материалдары ретінде әдіскер-ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесіне арналған «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Сабақ түрлері мен үлгілері», «Әуезов шығармашылығын оқыту», «Әдебиеттану», «Мектепте Абай шығармашылығын оқыту», «Абайды таныту», «М.Әуезов – мектепте», «Әдебиет оқулығы», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты оқулық, оқу құралдары мен ғылыми-әдістемелік бағдарламалары алынды. Сонымен қатар әдіскер-ұстаздың педагогикалық көзқарастары мен «Ой тастау, ойланту» технологиясының ғылыми негіздері қарастырылып, осы бағытта жазылған зерттеулер мен ғылыми еңбектер сараланды.

Қ.Бітібаеваның педагогикалық іс-тәжірибесі, атаулы мектебі туралы 2022 жылы К.С.Кудайбергенова «Формирование профессиональной самореализации учителей общеобразовательных школ (инновационный аспект)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын арнайы зерттеп, М.Қ.Мұқашева 2023 жылы «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқыту әдіснамасы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Бұл зерттеулер мақаланың ғылыми негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды.

Белгілі ұстаздың әдіскерлік шеберлігі, әдебиетті оқытудағы жаңашылдығы туралы Б.Келгембаева «Қазақ педагогикасының көрнекті өкілі» (2009) атты оқу құралын жазды. Ұстаздық тұлғасы, қайраткерлік істері туралы С.Ферхо, С.Байхонова, У.Тоқпатаев, Ж.Құрманова «Аңызға айналған ұстаз» (2005) атты еңбек, Қ.Бітібаеваның өмірі, отбасы өнегесі мен ұлттық тәрбие, ұстаздық жолы, іс-тәжірибесі, әдебиетті оқыту технологиясы туралы С.Әбішева, Г.Құдайберген, Б.Баймұхан «Қазақтың Қанипасы» (2004) атты еңбек арнады. Бұл еңбектер Қ.Бітібаеваның ұстаздық тұлғасын, қайраткерлік істерін, әдіскерлік шеберлігін жете тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында әдебиетті оқыту әдістемесіне қатысты отандық әдіскер-ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Ақшолақов, Ә.Дайырова, С.Мақпырұлы, Т.Жұмажанова, Б.Сманов, Б.А.Әрінова, Г.Құрманбаева, А.Тамаевтың еңбектері қарастырылды.

Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесін, ұстаздық жаңашылдығын, әдіскерлік шеберлігін, инновациялық технологиясын арнайы зерттеп ғылыми мақала жазған отандық ғалымдар Ф.Оразбаева, Ш.Құрманбаева, А.Картаева, Ж.Құрманова, Б.Келгембаева т.б. еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдары пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Әдебиет – оқушының жан дүниесін, адамгершілік қасиетін, ойлау, сөйлеу, шығармашылық әрекетін дамытып, жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуында ерекше орын алатын пән. Бұл пән – әрбір оқушының көркем әдеби шығармаға сүйіспеншілігін, ынта-ықыласын оятып, оқырмандық мәдениетін қалыптастыратын, оқушы бойында биік эстетикалық талғамды дамытатын, адамдар арасындағы қарым-қатынастың этикалық негізін қалайтын, табиғаттағы әсемдікті танып, әсерлене білуге үйрететін тәрбие құралы.

Жаһандық бәсекелестік жағдайында қарқынды дамып келе жатқан қоғам үшін заман талабына бейімделе алатын, өз мүддесін ел мүддесімен ұштастыра білетін, ой-өрісі кең, көреген, жауапкершілік сезімі жоғары әрі іскер тұлғаны қалыптастыру – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Осындай әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматты тәрбиелеуде әдебиет пәнінің, яғни сөз өнерінің тәрбиелік және танымдық маңызы ерекше.

Әдебиет – адамның рухани әлемін байытып, оның дүниетанымын кеңейтетін, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын маңызды құрал. Әдеби шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы дамып, ұлттық мәдениет пен рухани мұраға деген құрметі артады. Сонымен қатар әдебиет пәні тұлғаның сыни ойлау қабілетін жетілдіріп, оның азаматтық ұстанымы мен қоғамдық жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі қоғамның тарихи даму үдерісін саралап, оның бұрмаланған тұстарына әділ баға беріп, кем түскен жақтарын толықтыра алатын негізгі әлеуметтік күш – бүгінгі жас ұрпақ. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды қоғамдық өзгерістердің мәнін дұрыс пайымдай алатын саналы тұлға тәрбиелеу – мұғалімдерге жүктелетін жауапты міндеттердің бірі. Білім беру үдерісі – тәрбиелеу мен оқытудың өзара тығыз байланысқан, үздіксіз жүзеге асатын жүйесі. Бұл жүйеде жетекші рөл атқаратын негізгі тұлға – мұғалім. Осы жөнінде айтқан көрнекті қоғам қайраткері, педагог-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика мен методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», – деген сөзі еске түседі (Байтұрсынұлы, 2013). Өткен ғасырдың басында айтылған бұл тұжырым қазіргі білім беру кеңістігінде де өзектілігін жоғалтпай, мұғалім тұлғасының қоғамдағы маңызын айқындай түседі.

Жасұрпақты тәрбиелей отырып, олардың өмірге дұрыс көзқарасын қалыптастыруына бағыт беріп отыратын да мұғалім. Ұрпақ болашағы – ұстаздан. Мұғалім алдынан бір-біріне ұқсамайтын, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар мыңдаған шәкірттер өтеді. Әр баланың жан дүниесін танып білу, оны жеке тұлға етіп қалыптастыру – мұғалім үшін маңызды міндет. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттерінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Қазір мектептің алдында тұрған негізгі мәселе - өзіндік пікірі жетілген, рухани әлемі бай, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу болса, бұл әдебиет пәнінің, әдебиетші мұғалімнің қиын да күрделі міндеті. Осындай жауапты да күрделі міндет - мұғалім мамандығын «киелі» деп пір тұтқан, бүкіл саналы ғұмырын ұстаздыққа арнап, шәкірт тәрбиелеген ұлағатты мұғалім Қанипа Омарғалиқызы әдебиет пәнінің тәрбиелік және танымдық маңызына ерекше мән береді. Ұстаздың пікірінше, әдебиет пәні тек білім беретін оқу саласы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуына ықпал ететін өнер пәні болып табылады. Әдебиет арқылы оқушылар сөз өнерінің көркемдік табиғатын,

әдеби шығармалардың мазмұны мен идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін танып-біліп қана қоймай, адамгершілік құндылықтарды меңгереді. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиет пәні жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтіп, олардың бойына ізгілік, жақсылық, адамгершілік секілді асыл қасиеттерді қалыптастыруға қызмет ететін маңызды тәрбиелік құрал ретінде қарастырылады (Бітібаева, 1997). Қ.Бітібаева әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» деп атап көрсетеді. «Адамтану құралы» деп бағалауы тегін емес. Себебі көркем шығармада адамның мінез-құлқы, сезімі, ойы, қоғаммен қарым-қатынасы жан-жақты бейнеленеді.

Бұл – әдебиетті оқытудағы ең басты мақсаттардың бірі. Көркем шығармалардағы өнегелі кейіпкерлер, олардың адамгершілік қасиеттері оқушыларға үлгі болып, тұлғаның моральдық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Әдебиет сабағында оқушылар тек мәтінді талдап қана қоймай, өмірлік ұстаным, адамгершілік, ізгілік, мейірім сияқты ұғымдарды түсініп, оларды өз өмірімен байланыстырады. Яғни әдебиет арқылы оқушының бойында мейірімділік, адалдық, отансүйгіштік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттер қалыптасады. Әдеби шығармалардың тәрбиелік ықпалы оқушыны рухани тұрғыдан кемелдендіріп, өмірдің мәнін терең түсінуге жетелейді.

Қазақпедагогикасыныңкөрнектіөкілі,жаңашылұстаз,әдіскерҚанипаОмарғалиқызы Бітібаева – ұлттық білім беру жүйесінің дамуына зор үлес қосқан тұлға. Ұстаз тұлғасы туралы оның көзі тірісінде-ақ танымал тұлғалар мен белгілі қайраткерлер жоғары баға беріп, жылы пікірлерін білдірген. Соның ішінде академик Сейіт Қасқабасовтың пікірінде былай делінген: «Ұстаздық еңбегінен басқа адамдық қасиеттері мол. Ұстаз деген қашан да адамгершілігі мол, сол қазақтың ең әдемі ұстаз туралы ұғымның бәрі бойына жинақталған. Меніңше Қанипаның шәкірттері де өзіне ұқсайтын шығар деп ойлаймын. Адамшылық қасиеті Қанипа өте турашыл, білгенін барынша балаларға беруге тырысатын, өзінше бөлісетін, ашық мінезі, еркін сөйлейтін өте бір шешен адам», - деп ұстаз тұлғасына тән ерекше қасиетті атап көрсетеді (Қасқабасов, 2015). Ғалым ұстаз тұлғасының ерекше даралығымен қатар жоғары адамгершілік қасиеттерімен де ерекшелігіне тоқталады. Оның турашылдығы, ашық мінезі, шешендігі және білген білімін шәкірттеріне барынша үйретуге ұмтылуы ұстаздың тұлғалық болмысын айқындап, шәкірт тәрбиесіне оң ықпал еткенін айтады. Мұндай пікірлер ұстаз тұлғасының ғылыми-педагогикалық қауымдастықта жоғары беделге ие болғанын және оның қызметі замандастары тарапынан лайықты бағаланғанын айғақтайды.

Қазақ әдебиетін оқыту, әдістемесін жетілдіру бағытында Қанипа Омарғалиқызының ғылыми-әдістемелік еңбектері мен педагогикалық іс-тәжірибесінің маңызы ерекше. Әдіскер-ұстаздың әдебиетті оқыту үдерісін жаңғыртуға бағытталған зерттеулері мен әдістемелік ізденістері отандық білім беру жүйесінің дамуына елеулі үлес қосты.

Қ.Бітібаева - қырықтан артық ғылыми-әдістемелік оқулық, оқу құралдарының, екі жүзге жуық оқу-әдістемелік мақалалардың авторы. Оның еңбектері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыдан негіздеуге, оқыту технологияларын жетілдіруге және әдеби білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған. Сонымен қатар әдіскер-ұстаз ежелгі дәуір әдебиетінен бастап қазіргі кезең әдебиетіне дейінгі оқу бағдарламаларын әзірлеуге, оқулықтары мен оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулықтар жазуға белсене қатысып, қазақ әдебиетін оқыту жүйесінің мазмұнын толықтыру мен жүйелеуге айрықша үлес қосты. Осы тұрғыдан алғанда, оның ғылыми-әдістемелік мұрасы ұлттық әдеби білім беруді дамытудағы маңызды ғылыми-тәжірибелік негіздердің бірі болып саналады.

«Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «Әуезов шығармашылығын оқыту», «Сабақ түрлері мен үлгілері», «Мектепте Абай шығармашылығын оқыту», «Әдебиеттану», «Абайды таныту», «М.Әуезов – мектепте», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Әдебиет оқулығы», «7-сынып әдебиетін оқыту әдістемесі», «5-9-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту», «10-11-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту» атты бірнеше оқу-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Солардың ішінде жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (Бітібаева, 1997) атты оқулығының орны ерекше. Бұл еңбек мазмұны мен құрылымы жағынан негізінен жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған оқу құралы ретінде дайындалған. Белгілі ғалымдар Ә.Қоңыратбаевтың (Қоңыратбаев, 1994) және Қ.Көшімбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (Көшімбаев, 1993) атты еңбектерінен кейін араға отыз жылдан астам уақыт салып жарық көрген бұл оқулық қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан маңызды ғылыми-әдістемелік басылымдардың бірі болып табылады. Еңбекте әдебиет пәнін оқытудың теориялық негіздері, әдіс-тәсілдері, оқыту үдерісін ұйымдастырудың тиімді жолдары мен педагогикалық ұстанымдары жүйелі түрде қарастырылған.

Аталған оқулық қазіргі уақытта республикадағы жоғары және орта арнаулы оқу орындарында, сондай-ақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді. Оның Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен екінші рет қайта басылып шығуы еңбектің ғылыми-әдістемелік құндылығы мен педагог қауымның сұранысына толық жауап бере алатындығын айғақтайды.

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева 1990-шы жылдардың басында-ақ педагогикалық қауым тарапынан «жаңашыл ұстаз» ретінде жоғары бағаланған тұлғалардың бірі болды. Ол кеңестік кезеңдегі дәстүрлі педагогика шеңберінен шығып, әдебиетті оқыту үдерісінде үнемі шығармашылық ізденіске негізделген жаңа үлгідегі сабақтарды ұйымдастырып, тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізді. Ұстаздың жаңашыл сипаттағы сабақтары мен әдістемелік тәжірибесі республика көлемінде кеңінен таралып, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дамуына елеулі ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, ол қазақ педагогикасында жаңашылдық бағытты қалыптастырған әдіскер-ұстаздардың бірі ретінде танылады.

Бұл мәселе жөнінде ғалым Фаузия Оразбаева әдіскер-ұстаздың әдебиетті оқытудағы әдіснамалық ұстанымдарын ерекше атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «Ұстаздың әдебиетті оқыту жүйесі «ой салу – ойлау – ойланту – бір шешімге келу» қағидатына негізделеді. Мұнда ой салу әрекеті мұғалім тарапынан жүзеге асса, ойлау мен қорытынды жасау үдерісі оқушының танымдық белсенділігі арқылы қалыптасады. Ал ойланту – оқушының ойлау деңгейін тереңдетуге бағытталған педагогикалық ықпал ретінде мұғалім тарапынан жүзеге асырылып, нәтижесінде білім алушы белгілі бір тұжырымға келуге дағдыланады. Осылайша, ұстаз ұсынған әдістемелік жүйеде мұғалім мен оқушы арасындағы танымдық әрекет өзара сабақтасып, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға қызмет етеді», - деп Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесінің басты ұстанымына ғылыми анықтама береді (Оразбаева, 2005). Ф.Оразбаеваның бұл анықтамасы бүгінде Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы деген атаумен әдістеме ғылымында ғылыми концепцияға айналып отыр.

Бұл туралы Қ.Бітібаеваның шәкірті, педагогика ғылымдарының докторы Ш.Құрманбаеваның пікіріне ден қойсақ: «Ұстаздың әдебиетті оқыту пәлсапасы ой,

ойлау, ойланту мәселелерінен тұрады. Әр сабақта оқушыға ой салу, ойланту ұстаздың әдістемесінің биік жемісі. Ол әдебиетті – ғылым, өнер пәні ретінде қарастырады. Байырға әдістемемен оқытылып келе жатқан әдебиет пәніне жаңа бетбұрыс әкеліп, инновациялық технологиямен оқыту мәселесімен қазіргі педагогика ғылымының күн тәртібіне қойды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін мүлде тың арнаға бұрды деуге болады», - дейді (Құрманбаева, 2014).

Қ.Бітібаеваның 1980 жылдары жаңашылдығымен танылып, бүгінгі оқыту жүйесінде де құндылығын жоймаған технологиясы – қазіргі әдебиетті оқытудың талаптарына төтеп бере алатын озық технология болып табылады. Әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаеваның өз сөзіне жүгінсек: «Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген», - дейді (Бітібаева, 1997). Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы білім беру үдерісінде оқушыны белсенді таным субъектісі ретінде қарастыруға негізделген. Бұл технология оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытып, білімді жай меңгеру деңгейінен өнімді әрі шығармашылық деңгейге көтеруді мақсат етеді. Сонымен қатар аталған әдістемелік ұстаным оқушылардың қабілет-дарындарын анықтауға, олардың танымдық белсенділігін арттыруға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі болып табылады.

М.Мұқашеваның «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқыту әдіснамасы» атты докторлық диссертациясында Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының концептуалдық негізі мен ұстанымдарын айқындап, ұстаз технологиясының жаңашылдығын дәйектеген. Оны Қ.Бітібаеваның пәлсапасы ретінде былай көрсетеді (Мұқашева, 2023).

1-кесте. Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» пәлсапасы



Ұстаз: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру... Сол

себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін», - дейді Қ.Бітібаева (Бітібаева, 2003). Оқу үдерісінде оқушыға мақсат қойғызу арқылы оның танымдық әрекетін ұйымдастыру – білім алушының дербес ізденісін қалыптастырудың маңызды педагогикалық тетігі болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың оқу әрекетін саналы түрде жоспарлауына, өздігінен білім алуға ұмтылуына және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған мақсатты ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүйесін қалыптастырады.

Бұл кезеңде әрбір сабақ оқушылардың алдын ала берілген тапсырмалар негізінде ізденіспен келуін талап ететін оқу үдерісі ретінде ұйымдастырылады. Мұндай тапсырмалар проблемалық оқыту, дамыта оқыту, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, ізгілендіру технологиясы, сондай-ақ ұжымдық, даралап және саралап оқыту, жобалап оқыту сияқты заманауи педагогикалық технологиялардың элементтерін басшылыққа ала отырып құрастырылады. Осы арқылы оқыту барысында дамыта оқыту қағидаты, жүйелілік және білімнің беріктігі ұстанымдары жүзеге асырылады (Aituganova, 2023). Нәтижесінде білім алушы оқу үдерісінде дайын ақпаратты механикалық түрде қайталаушы пассивті субъект емес, керісінше жаңа білім мен түсініктерді өз бетімен іздену, танымдық белсенділік пен ынта арқылы меңгеретін белсенді тұлға ретінде қалыптасады. Мұндай бағыттағы оқыту оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, оның дербес ойлауын, талдау жасау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Осындай оқушының өзіндік қабілетін, іскерлік дағдысын, өмір сүруге бейімділігін, кез келген жағдайлардан жол таба алатын, өз пікірін ұсына және қорғай алатын дайындығын жетілдіруге алғышарт бола алатын технологиялардың бірі - Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқытудың инновациялық жобалау технологиясы.

Қ.Бітібаеваның ұсынған эвристикалық жобалау технологиясын қолдану барысында білім дайын күйінде ұсынылмайды. Керісінше, оқыту үдерісі оқушының дербес танымдық әрекетін жандандыруға бағытталады. Бұл тәсілде білім алушы жаңа білімді өз бетінше іздену, бақылау, талдау және ой елегінен өткізу арқылы меңгереді. Соның нәтижесінде оқушының зерттеушілік қабілеті дамып, оның танымдық белсенділігі мен шығармашылық ойлау дағдылары қалыптасады. Ал жалпы шәкірттердің біліктерін арттыру кезінде ұстаз жоба қорғау тәсілін өте сәтті пайдаланады. Оқушының тақырып бойынша жоба қорғауы - танымдық түрлендіруші іс-әрекетке енуімен қатар шығармашылық ізденістерін ұйымдастыруымен құнды.

Әдебиетті және жергілікті жердің ақын-жазушыларының шығармаларын талдауда жобалау технологиясын пайдалануда сапалы терең білім беріліп, жақсы нәтижелерге қол жеткізілуде, бұл технологияның тиімділігі мынада:

- әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
- тұлғаның жеке қабілеті айқындала түседі;
- тапсырманың күрделенуіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті шыңдалады;
- көлемді түсініктер, ұғымдар, тұжырымдарды жинақы түрде бере біледі;
- сөздік қорын дамытады;
- зерттеу, талдау жұмыстары орындалады;
- бір сабақта бірнеше жеке, топтық, жұптық жұмыстар орындалып, әр бала өз қабілетіне, деңгейіне қарай бағаланады;
- терең, толық білім алынуы қамтамасыз етіледі;
- әр оқушы дербес жоба қорғауға ынталанады;
- коммуникативтік бағытта қолдана алушылық ;

- тілдік сауаттылық қамтамасыз етіледі.

Сабақ барысында жобалау технологиясына сәйкес төмендегідей іс-әрекеттер орындалады:

I. Алдын-ала тапсырмалар беру.

II. Мақсатқа жету үшін көмек - бағдар беру, бағыт ұсыну.


III. Оқушылардың өз жобаларын қорғауы, ұжым болып талдау.

IV. Коррекциялық іс-әрекеті.

Қ.Бітібаеваның жаңа сабақты меңгерту моделі (жобалау технологиясы)

Оқушылардың ізденісін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған

2-кесте. Қ.Бітібаеваның жобалау технологиясы



Сабақтың тақырыбы: «Тіл дамыту» курсы бойынша жергілікті ақын Ғалым Байбатыровтың туған жер тақырыбына арналған шығармаларын талдау.

Ұйымдастыру бөлімінде мұғалім сабақтың тақырыбы, мақсат міндеттерін хабарлайды. Оқушыларды сабақ тақырыбы, мазмұнына сәйкес психологиялық тұрғыда әзірлейді. «Туған жер - тұғырың» тақырыбында тренинг өткізіледі.

Қорытынды: «Туған жердей - жер болмас»

Ұсынылған жоба

Б1. Жанры

Б.2 Тақырыбы

Б3. Көркемдік ерекшелігі

Б.4 Маңызы, мәні

Б1 бойынша әдебиеттегі тектер, жанрлар ұғымдары еске түсіріледі.

Поэзия жанры, оның өзіндік ерекшелігі айтылады. «Өлең-сөздің патшасы, сарасы» екендігі дәлелденеді.

Туған жер бейнесі.

«Ұқсастық пен даралық» стратегиясы.

Ақын өлеңдеріндегі туған өлкенің табиғаты, қасиеті басқа ақындар өлеңдерімен салыстырылады.

Б2 бойынша «Туған жерін жырлаған ақын бейнесі» (ол кім?).

Б3 «Ойтолғау» стратегиясы.

I.Егер де мен (әнші, сазгер, ақын, суретші) болсам... туған тақырыбын ашудағы өз іс-әрекеттерін болжайды.

2. «Егер де сіз ... (Ғ.Байбатыров немесе басқа ақындардың орнында болсаңыз)

Проблемалық сұрақ: Жырланған тақырып бойынша сіздің пікіріңіз.

Б4 Тест - интервью.

Осындай жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолданудың

нәтижесінде оқушылардың білімге деген ынтасы жүйелі түрде артады, олар өз бетімен шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға бейімделеді, өзін-өзі бағалау арқылы өз күшіне деген сенімділік қалыптасады. Сонымен қатар, оқу үдерісінің мәні мен мақсатын дұрыс түсіну оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады және олардың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ педагогикасының көрнекті өкілі, жаңашыл ұстаз әрі әдіскер Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева ұлттық әдеби білім беру жүйесінің дамуына зор үлес қосқан тұлға болып табылады. Әдіскер-ұстаздың әдебиетті оқытуға қатысты тұжырымдары бұл пәннің тек білім берумен шектелмей, оқушының рухани-адамгершілік дүниесін қалыптастыратын маңызды тәрбие құралы екенін айқындайды. Оның пікірінше, әдебиетті оқыту үдерісінде оқушының өзіндік ойы мен пікірін қалыптастыру, көркем туындыны шығармашылық тұрғыдан қабылдау басты назарда болуы тиіс.

Әдіскер-ұстаз ұсынған «Ой тастау, ойланту» технологиясы оқушыны білім беру үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қарастырып, олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық әлеуетін ашуға және ғылыми-ізденіс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық жүйе ретінде танылады. Сонымен қатар Қ.Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік еңбектері, оқулықтары мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге қосқан үлесі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздерін жетілдіруге және әдеби білім беру мазмұнын жаңартуға ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, әдіскер-ұстаздың педагогикалық мұрасы қазіргі білім беру кеңістігінде өзектілігін сақтап, ұлттық әдебиетті оқыту үдерісін жаңғыртуда маңызды ғылыми-әдістемелік негіз болып қала береді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат Бұл мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Д.Ж.Ахмадиева зерттеу жұмысының негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына ғылыми талдау жүргізді. **Қ.М.Байтанасова** зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін саралап, ғылыми және сыни тұрғыдан қайта қарап, ұсынылған деректердің дұрыстығын тексерді.

Әдебиеттер тізімі

Байтұрсынұлы, А. (2013). Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы Т. IV. Алматы: Ел-шежіре.

Бітібаева, Қ.О. (1997). Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: Рауан.

Бітібаева, Қ. (2003). Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы: Екінші басылымы. Алматы: Мектеп.

Көшімбаев, А. (1993). Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы: Мектеп.

Қасқабасов, С. (2015). Ұстазға тағзым. (Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева жайлы естеліктер) / Құрастырған: А.Картаева, & Ш.Құрманбаева. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ Берел.

Қоңыратбаев, Ә. (1994). Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқу құралы. Алматы: Санат.

Құрманбаева, Ш.Қ. (2015, 03 ақпан). Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау, технологиясы». Білім көшбасшысы. Ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. <https://on.kz/koshbas/qbitibaevanyn-oi-tastau-oilantu-oilau-technologiiasy-62489/?ysclid=mr1yjnk1bk14539106>

Мұқашева, М. М. (2023). Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқыту әдіснамасы. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚУ.

Оразбаева, Ф. (2005, 15 желтоқсан). Ой салу – ұстаздан, ойлану – шәкірттен. Егемен Қазақстан.

Тоқаев, Қ.-Ж. (2025, 15 тамыз) «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy>

Aituganova, S., Aimukhambet, Zh., Alimbayev, A., Sagynadin, G., & Seiputanova, A. (2023). The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products. *Journal of Curriculum Studies Research*, 5(2), 167-185. <https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25>

Д.Ж. Ахмадиева*, Қ.М. Байтанасова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Инновационная технология преподавания казахской литературы Канипы Битибаевой

Аннотация. В статье рассматривается роль предмета литературы в формировании духовно-нравственного мира учащихся в условиях стремительного развития современной системы образования. Изменение педагогической парадигмы XXI века требует включения в содержание образования ценностных ориентиров личности, ее мировоззренческих установок и духовного развития. В этом контексте научно обосновывается особая значимость предметов казахского языка и литературы в освоении молодым поколением национальной культуры и духовных ценностей, формировании языковой компетентности и эстетического вкуса. Литература характеризуется как воспитательное и познавательное средство, способствующее развитию художественного мышления, творческих способностей учащихся и формированию их личности. Кроме того, в статье раскрывается ведущая роль личности учителя в формировании мировоззрения учащихся. В данном аспекте анализируется научно-методическое значение трудов выдающегося представителя казахской педагогики, новаторского педагога и методиста Канипы Омарғалиевны Битибаевой. Показано значение ее педагогического опыта и научных исследований, направленных на совершенствование методики преподавания казахской литературы, в развитии национальной системы образования. Также доказывается новизна методических подходов новаторского педагога, основанных на философии «Побуждение к мысли и размышлению» («Ой тастау, ойланту, ойлау»), а также их вклад в развитие методики преподавания казахской литературы. В результате исследования установлено, что инновационные методы преподавания литературы, предложенные К. Битибаевой, способствуют повышению познавательной активности учащихся, усвоению национальных духовных ценностей и развитию творческого мышления.

Ключевые слова: литература, учитель, ученик, урок, методика обучения, инновационные технологии.

D.Zh. Akhmadieva*, K.M. Baytanasova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Innovative Technology for Teaching Kazakh Literature by Kanipa Bitibayeva

Abstract. The article examines the role of literature in shaping students' spiritual and moral development within the modern education system. As educational priorities shift toward personal values, worldview formation, and spiritual growth, Kazakh language and literature play an important role in introducing students to national culture, strengthening language competence, and developing aesthetic

appreciation. Literature is presented as a means of fostering artistic thinking, creativity, and personal development. The article also emphasizes the teacher's role in shaping students' worldview through effective literary education. Particular attention is given to the pedagogical legacy of the distinguished Kazakh educator and methodologist Kanipa Bitibayeva. Her contribution to improving the methodology of teaching Kazakh literature and her influence on the development of the national education system are analyzed. The study highlights the originality of her innovative teaching approach based on the philosophy of "Stimulating Thought, Reflection, and Thinking" («Ой тастау, ойланту, ойлау»). These methods encourage active learning, independent thinking, and meaningful engagement with literary texts. The study concludes that Bitibayeva's methodological innovations enhance students' cognitive activity, support the assimilation of national spiritual values, and promote the development of creative thinking.

Keywords: literature, teacher, student, lesson, teaching methodology, innovative technologies.

References

- Baitursynuly, A. (2013). *Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Alippeler men makalalar zhinagy T. IV*. [Collection of works in six volumes. Collection of alphabets and articles Vol. IV]. Almaty: El-shezhire
- Bitibayeva, Q.O. (1997). *Adebietti okytu adistemesi*. [Methods of teaching literature]. - Almaty: Rauan
- Bitibayeva, Q. (2003). *Adebietti okytu adistemesi men tehnologiasy: Ekinshi basylymy*. [Methods and technology of teaching literature: second edition]. Almaty: Mektep.
- Koshimbayev, A. (1993). *Kazak adebetin okytu metodikasy*. [Methods of teaching Kazakh literature]. Almaty: Mektep
- Qasqabasov, S. (2015). *Ustazga tagzym. (Kanipa Omargalikyzy Bitibaeva zhaily estelikter) / Qurastyrgan: A.Kartaeva, & Sh. Kurmanbaeva. [A tribute to the teacher. (Memories of Kanipa Omargaliqyzy Bitibaeva) / Compiled by: A. Kartayeva, & Sh. Kurmanbayeva.]*. Oskemen: S.Amanzholov atyndagy SHK-MU
- Konyratbayev, A. (1994). *Kazakh adebetinin tarihy: Oku kuraly*. [History of Kazakh literature: a textbook]. Almaty: Sanat
- Qurmanbaeva, Sh.K. (2014). *Q.Bitibaevanyn «Oi tastau, oilantu, oilau, tehnologiasy»*. Bilim koshbasshysy. [K. Bitibaeva's technology of "Give food for thought, make you think, think"]. *Gylymi-Adistemelik jane pedagogikalyk zhurnal*. <https://on.kz/koshbas/qbitibaevanyn-oi-tastau-oilantu-oilau-texnologiasy-62489/?ysclid=mr1yjnk1bk14539106>
- Tokayev, K.-J. (2025, August 15). "Bilim keleshegi: Adal azamat, kasibi maman" takyrybyndagy tamyz konferensiyasynyn plenarylyk otyrasynda soilegen sozi [Speech at the plenary session of the August Conference on "The Future of Education: An Honest Citizen, a Professional Specialist"]. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy>
- Mukasheva, M. M. (2023). *Auezovtin "Abai zholy" roman-epopeiasyn Q. Bitibayevanyn "Oi tastau, oilantu, oilau" tehnologiasy arkyly okytu adisnamasy* [Methodology of teaching M. Auevov's epic novel The Path of Abai through Q. Bitibayeva's "Stimulating Thought, Reflection, and Thinking" technology]. Doctor of Philosophy (PhD) dissertation. Oskemen: S. Amanzholov East Kazakhstan University
- Orazbayeva, F. (2005, December 15). *Oi salu – ustazdan, oilanu – shakirtten* [Thought is inspired by the teacher, reflection comes from the student]. Egemen Qazaqstan.
- Aituganova, S., Aimukhambet, Zh., Alimbayev, A., Sagynadin, G., & Seiputanova, A. (2023). The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products. *Journal of Curriculum Studies Research*, 5(2), 167-185. <https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25>

Авторлар туралы мәлімет:

Ахмадиева Дана Жомартқызы – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: ahmadieva-dana@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1482-5683>

Байтанасова Қарлығаш Медетқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: k.baitanasova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5747-6147>

Ахмадиева Дана Жомартовна – автор для корреспонденции, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: ahmadieva-dana@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1482-5683>

Байтанасова Карлығаш Медетқызы – кандидат филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: k.baitanasova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5747-6147>

Akhmadiyeva Dana Zhomartovna – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: ahmadieva-dana@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1482-5683>

Baytanasova Karlygash Medetkyzy – Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: k.baitanasova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5747-6147>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).